

"Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 1999 жылғы 22 ақпандағы N 14 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2004 жылғы 14 желтоқсандағы N 361 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2004 жылғы 6 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 3325

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің "Заңға тәуелді кесімдерді жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" 2004 жылғы 20 наурыздағы N 77-ө өкімін орындау үшін, нормативтік құқықтық актілерді Қазақстан Республикасының заңнамасына және өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес келтіру мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 1999 жылғы 22 ақпандағы N 14 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 1999 жылы 27 қыркүйекте N 913 тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы е р е ж е д е :

15-тармақта "(кепіл құралы туралы мәліметтер);" деген сөздерден кейін "кепілмен қамтамасыз етілген міндеттеменің ақшалай баламасы;" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

N 2 нысанда "кепілге салынған мүліктің бағасы" деген сөздер "кепілмен қамтамасыз етілген міндеттеменің ақшалай баламасы;" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

М и н и с т р д і ң

міндетін атқарушы